

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 13 ақпандағы № 2/256 қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабы 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Сайлау заңдарының бұзылғандығы жөнінде азаматтардың өтініштерін сайлау комиссияларында қарау туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 13/206 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 836 болып тіркелген) қаулысының;

2) «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 23/251 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10060 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 наурызда жарияланған) қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларына ж і б е р і л с і н .

3. Осы қаулы оның қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ. Тұрғанқұлов

Хатшы

Б. Мелдешов